

ӘЛЕУМЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Жыныс және гендер. 2-бөлім





Дәрістің мақсаты: жыныс пен гендердің әйел және ер адамдардың денсаулығына әсерін, мәдени тұрғыдан гендерлік айырмашылықты айқындайтын әдістерді; әйелдер мен ер адамдардың қоғамдағы орнын анықтайтын әлеуметтану теорияларын қарастыру, ер адамдар мен әйелдердің өмірін уақыт өте келе теңдестіретін себептерді айқындап, әйелдердің еңбекақысы төмен болу негізін анықтау.

Негізгі термин: жыныстық харассмент.

Денсаулық сақтау, білім және табыс салаларындағы гендерлік теңсіздік

Гендер жеке тұлғаға ғана қатысты бір атрибут емес. Ол адамдардың күнделікті әрекеттері арқылы әлеуметтік құрылым түзеді. «Гендерді қалыптастыру, гендерлену» деген күнделікті өмірде әйелдің және еркектің жынысқа қатысты болжалдарына сәйкес іс-әрекеттер жасауы.

Ерлер әдеттегі жоғары әлеуметтік деңгейіне қарамастан орта есеппен алғанда, әйелдерден қысқа өмір сүреді. Бұл айырмашылықтың бір себебі – биологиялық ерекшелік: ғалымдардың айтуынша, гормондарының өзі-ақ әйелдердің денсаулығы үшін кейбір артықшылықтар береді. Ерлердің өмір сүру ұзақтығына олардың гендерлік рөлдері де әсер етеді. Ерлердің гендерлік рөлі олардың өздеріне қауіп төндіретін әрекеттер арқылы «еркек екенін дәлелдеуге» итермелейді. Бірақ ерлер мен әйелдердің өмір сүру ұзақтығы арасындағы айырмашылықты тәуекелмен ғана түсіндіруге болмайды. Ерлердің тамақтану және эмоционалдық қарым-қатынастар мәселесіне, гендерлік рөліне орай аз көңіл бөлуіне байланысты жүрек ауруларынан қайтыс болу қаупі арта түседі. Кедей елдерде, әйелдердің қоғамдағы орны олардың қайтыс болу, ауыру және мүгедек болып қалу сияқты қаупіне тап болуын жоғарылатады.

Әйелдердің салыстырмалы түрдегі төмен әлеуметтік дәрежесі немесе билікке қолжетімділігінің төмен болуы олардың табысқа жетуіне жиі кері әсерін тигізді. Алайда кейде гендерлік күтулер ерлердің де тәуекелін арттырады.

Гендер және билік

Жыл бойы толық уақыт жұмыс істейтін әйелдердің табыс мөлшері ерлер табысының 80%-на тең. Өйткені әйелдер еңбекақысы төмен жұмыстарда істейді және ерлермен бір кәсіпте тең деңгейге жетсе де, табысы олардан төмен болады. Оған себеп болатын – білім алу, даярлықтан өту және дискриминация мәселелері.

Әйелдердің бағынышты тұрғыда болуын барлық әлеуметтік институттар қабылдайды.

Елеулі өзгерістерге қарамастан, әлеуметтік институттарда озық орындарға көбінесе ерлер ие. Олар қарапайым әңгімелесу, сөйлесу барысында да үстем.

Соңғы 150 жылда феминистік қозғалыстар әйелдердің әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін күрес жүргізіп келеді.

Жыныстық харассмент – жыныстық қатынасқа итермелеу, сөзбен немесе ерсі қимылмен жыныстық қатынасқа шақыру сипатында емеурін жасау, жағымсыз қылық көрсету.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Гендерлік айырмашылықтар әлеуметтік құрылымның құрамдас бөлігі және олар әйелдер мен ерлер арасындағы теңсіздікті тудыратыны мәлім. Жұмыс орны, отбасы, білім беру сияқты әлеуметтік институттарда орын алатын гендерлік теңсіздіктің формаларын анықтап, сипаттаңыз.

2. Әйелдердің зорлық-зомбылық объектісі болу себептері мен жолдарын түсіндіріңіз.

3. Қоғамдағы әйелдердің жағдайын жақсарту жолында феминистік көзқарастар мен қозғалыстардың ұсынатын шешімдерін талқылаңыз.



Бақылау және талқылау сұрақтары

1. Ер адамдардың күші мол болып, өмір сүру ұзақтығы неге төмен және олардың арасында жүрек аурулары, өзіне-өзі қол жұмсау оқиғалары, ішімдікке салыну неге жиі болады?
2. Әйелдерге күш берсе, олардың денсаулығы да сондай сыр берер еді деп ойлайсыз ба? Жоқ деп ойласаңыз, неге?
3. Заңдастырылған сексизм жұмыс орындарында гендерлік теңсіздікке әкелгені жөнінде мысалдар келтіре аласыз ба? Жұмыс істейтін әйелдерге қарсы дискриминацияның жойылуына қандай бағдарламалар немесе саяси шешімдер септігін тигізеді?

Қосымша әдебиет және ақпарат көздері

1. Ритцер Дж., Степницки Дж., Әлеуметтану теориясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 856 бет.
2. Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С., Әлеуметтану негіздері. 9-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 464 б.
3. Мертон Р., Социальная теория и социальная структура. – М.: АСТ: АСТ МОСКВА: ХРАНИТЕЛЬ, 2006. – 873 с.
4. Смелзер Н., Социология. – М.: Феникс, 1994. – 688 с.
5. Здравомыслова Е.А., Тёмкина А.А., 12 лекций по гендерной социологии. – СПб.: Издательство Европейского университета в Санкт-Петербурге, 2015. – 768 с.